

**«Жетісу облысының тілдерді дамыту жөніндегі басқармасы» ММ  
«Тіл» оқу-әдістемелік орталығы КММ**

**Құрастырушылар:** Ж. Жолдыбаев – «Тіл» оқу-әдістемелік орталығы» КММ басшысы;

М. Қуандық – «Тіл» оқу-әдістемелік орталығы» КММ бөлім басшысы;

Ж. Елесбаева – «Тіл» оқу-әдістемелік орталығының оқытушысы;

А. Қалибеков – Панфилов аудандық филиалының меңгерушісі;

*Бағдарлама базалық А2 деңгейінің тыңдаушыларына арналған. Бұл құрастырылып отырған бағдарлама түрлі этнос өкілдерінің мемлекеттік тілді қысқа мерзім аралығында айтылым, оқылым, тыңдалым және жазылым дағдысы арқылы жеңіл меңгеруіне бағытталған.*

## АЛҒЫ СӨЗ

Тіл – тіршілік құралы. Тіл – ұлттық болмысымыздың ұясы, мәдениетіміздің тірегі. Бітімі бүтін ұлт болуымыз үшін, ең алдымен, тіліміз өз тұғырында болуға тиіс. Осы орайда, мемлекеттік тіл саясатын жүзеге асыру жолында бірқатар игі шаралар жасалып жатыр. Десе де, атқарылған жұмыстан атқарылар жұмыс көп. Қолыңыздағы еңбекті осы бір қастерлі міндет жолында жазылған кезекті құнды құрал деуге болады.

Кез келген пәнді жылдам меңгерту үшін алдымен сол саланың минимумын оқытқан абзал. Бұл принцип тіл үйретуге де тікелей қатысты. Мұғалімдер мен әдіскерлер қазақ тілінің лексикалық минимумын үйретуге баса назар аударып, оны күнделікті жұмысында Темірқазық етсе, тіл үйретудің сапалық деңгейі де артар еді.

Шет тілдерін оқытудың кең тараған, озық әдістемелерін негізге ала отырып жазылған бұл бағдарлама қазақ тілін үйренудің базалық деңгейіне арналған. Бағдарламада әр сабаққа қажетті тапсырмалар мен жаттығулар жаңаша үлгіде жасалған. Бағдарламаның мақсаты – этнос өкілдерін қазақ тілінде еркін сөйлеуге, сауатты жазуға дағдыландыру. Сонымен қатар, ауызекі сөйлеу тілі мен оның ерекшеліктерін түсінуге үйрету.

Бағдарламада Жетісудың жеті жауһары жеке-жеке тақырып етіп берілген. Атап айтқанда, «Алтынемел», «Алакөл», «Алтын адам», «Жаркент мешіті», «Көлсай көлдері», «Таңбалы тас», «Шарын шатқалы». Тақырыптарына сәйкес жаңа сөздер, тыңдалым, айтылым, оқылым тапсырмалары деңгейлік ерекшеліктерге орай құрастырылған.

Бағдарламаның негізінде тіл үйренуші жеке сөздерден тірек тіркес жасау, сөйлем құрау одан шағын мәтіндерге бару арқылы ойын жеткізе алады. Бағдарламада көрсетілгендей әр тақырыпқа сәйкес 5-7 жаңа сөз берілген. Барлық тапсырмалар берілген жаңа сөздер арқылы қайталанып оқытылып, айтылады және жазылады. Базалық А2 деңгейіне арналған бағдарламада тыңдаушылардың пайдалануына ыңғайлы болуына баса назар аударылған, мәтін нормалары тыңдаушының қабылдауына сәйкес іріктелген.

Бағдарламадағы жаттығулар тыңдаушылардың сыни тұрғыда ойлануына, сұраққа жауап іздеуіне, жұпта немесе топта талқылап ой алмасуына негізделген. Тапсырмалар оңайдан күрделіге қарай принципімен құрастырылған.

Алынған мәтіндер мазмұны жағынан өмір талабына сай, тыңдаушының оқылым дағдысын жетілдіруге көмегі тиетіндей деңгейде құрастырылған. Бағдарламаның басты ерекшелігі – жаңа инновациялық технологияларды пайдалану арқылы коммуникативті мақсатты көздей отырып, жазылу мен іштей құрылымдық мазмұндық сабақтастыққа негізделген.

Нұрбол Құдайбергенов



PhD, М.Әуезов атындағы  
Әдебиет және өнер  
институтының аға ғылыми  
қызметкері.

# Жетісудың жеті жауһары

«...Әдістің жақсы-жаман болмағы жұмсалатын орнының керек қылуына қарай»

*А.Байтұрсынұлы*

**«Әдісін алғанша қай істе болса, қиын болады. Әдісін алған соң, қайсысы болса да оңайлайды. Істің шапшаң істеліп күйге жетуі, қайта-қайта істеліп, дағдыға айналған кезде болады... Әдісін алғаннан кейін... қиындығы жоғалады. Одан әрі тек жаттығу, төселу үшін істің қайта-қайта істелуі шарт»**


***Ахмет Байтұрсынұлы***

## «Жетісудың жеті жауһары» дегеніміз не?

*“Жетісудың жеті жауһары”*  
*дегеніміз* – Жер жәннаты Жетісу жеріне келген қонақтар мен туристер керемет табиғат пен үлкен қала, көз тартар ауылдардың санынан шатасады. Бірақ соңында керемет орындардың жартысына да бара алмай қайтуы мүмкін. Жетісу жері көптеген табиғи қорықтарымен, музейлерімен және тылсым орындарымен танымал. Сондықтан біз Жетісу жерінің ең тамаша жауһарларын жинауға тырыстық.

Бос уақытыңызды ең жақсы жолмен жоспарлауға көмектесу үшін біздің нұсқаулықты пайдаланыңыз. Биік таулы қорықтардан, мұражайларға дейін тек қазақ тілінде саяхаттауға және көрген-білген ақпараттарды жеңіл, әрі қызықты тапсырмалармен бекітетін нұсқаулық.

# «Жетісудың жеті жауһары» дегеніміз



**«Жетісудың жеті жауһарының»  
мақсаты:**

- *жеке тұлғаны өз бетінше тіл үйренуге дағдыландыру;*
- *қазақ тілді ортаны нығайту;*
- *мемлекеттік тілдің қолданыс аясын кеңейту.*

**«Жетісудың жеті жауһарының»  
міндеті:**

- *Жетісу жерінің керемет орындарын таныту;*
- *тіл үйренушінің мемлекеттік тілді тиімді меңгеруіне ықпал ету;*
- *қазақ тілін таным құралына айналдыру.*



## “Жетісудың жеті жауһарының” ерекшелігі

Қазақ тілін оқыту мерзімі шектелмеген және сөйлесу аясын кеңейту

Жетісу жерін туристерге таныстыру

Жеке тұлға өз бетінше тыңдалым, айтылым, оқылым дағдысын дамыта алады

Тақырып бойынша сөздік қорын молайту

Күнделікті жағдайда қолдана білу

# Тіл үйрету үшін



Қызығушылық

Сабырлылық

Саралау

Қолдау

Қазақ тілінде сөйлеу

**Тіл үйренушінің  
қазақ тілінде сөйлеу  
дағдысын қалыптастыру,  
«қазақша білемін,  
қазақша сөйлеймін»  
деген сенімді ояту – біздің  
ПАРЫЗЫМЫЗ.**



«ТІЛ» ОҚУ- ӘДІСТЕМЕЛІК ОРТАЛЫҒЫ



АЛАКӨЛ

ЖЕТІСУДЫҢ  
ЖЕТІ  
ЖАУҒАРЫ

## Сөздік

**көл – озеро**

**табиғат – природа**

**жануарлар – животные**

**қорық – заповедник**

**құс – птица**

**арал – остров**

**ұя – гнездо**





**Тыңдаңыз**



## Оқыңыз

### Алакөл

Алакөл мемлекеттік табиғи қорығы — Тентек сағасының табиғатын және Алакөл аралдарындағы сирек кездесетін жануарларды сақтап қалу мақсатында ұйымдастырылған. Алакөл және Үржар аудандарында орналасқан. Бұл Алматы облысы мен Шығыс Қазақстан облыстары. Аумағы 65 672 га. Қорықтың аумағы 12 телімге бөлінген. Қорықта өте сирек кездесетін реликті шағала ұя салып, балапан басады. Оны Е.Әуезов 1968-1969 жылдары анықтады. Қорық аумағындағы аралдар құстардың топталып ұя салуына өте қолайлы. Сондықтан да қорықты нағыз «құс базары» деп атауға болады. Қорық жануарлар дүниесіне өте бай.



**Тапсырма. Сөйлемді толықтырыңыз.**

**1. Қорықты нағыз ... деп атауға болады.**

«күс ұясы»

«күс базары»

«күстар аралы»

**2. Қорық ... дүниесіне өте бай.**

балықтар

жануарлар

ағаштар





## Тест

**1. Қорықта қандай сирек кездесетін құс ұя салатынын белгілеңіз.**

- A) ақ көгершін
- B) реликті шағала
- C) ақ бас қыран бүркіт
- D) түрлі түсті қарлығаш

**2. Қорық Алматы және тағы қандай облыспен шектесетінін көрсетіңіз.**

- A) Ақмола
- B) Қызылорда
- C) Шығыс Қазақстан
- D) Орталық Қазақстан

**3. Қорықтың аумағы қанша телімге бөлінгенін белгілеңіз.**

- A) 11
- B) 10
- C) 12
- D) 13





«ТІЛ» ОҚУ - ӘДІСТЕМЕЛІК ОРТАЛЫҒЫ



АЛТЫН  
АДАМ

ЖЕТІСУДЫҢ  
ЖЕТІ  
ЖАУҺАРЫ



## Сөздік

**өзен – река**

**жағалау – берег**

**топырақ – почвы**

**қорған – насыпь**

**алтын – золото**

**қабір – могила**

**темір – железо**





Тыңдаңыз



## ОҚЫҢЫЗ

### Алтын адам

Алтын адам Есік қаласының солтүстігіндегі Есік өзенінің сол жақ жағалауындағы темір дәуірінен сақталған сақ қорғанынан табылған. Алтын киімді сақ жауынгерінің денесі.

1969-1970 жылдары археолог К.А.Ақышев тапқан. Топырақ қорғандармен ұштасып жатқан солтүстіктен оңтүстікке қарай 3 шаршы км жерді алып жатыр. 40-тан астам қорғаннан тұратын қорымның оңтүстік шетінде биіктігі 6 м, диаметрі 60 м үйінді төбе астынан екі қабір ашылды. Біреуі ертеректе тоналған. Қабір ағаш қақпақпен жабылып, темірмен бекітілген. Адам қойылатын жері алтыннан жасалған. Алтын адам киімі 4 мыңға жуық алтын әшекейлермен безендірілген.



**Тапсырма. Сөйлемді толықтырыңыз.**

**1. Қабір ағаш қақпақпен жабылып, ... бекітілген.**

қола

темір

мыс

**2. Алтын киімді ... жауынгерінің денесі.**

сақ

ғұн

сармат



## Тест

**1. Сақ қорғанын кім тапқанын белгілеңіз.**

- A) Ә.Марғұлан
- B) Қ.И.Сатбаев
- C) К.А.Ақышев
- D) С.Тянь-Шаньский

**2. Алтын адам киімінде қанша алтын әшекей бұйымдар бар екенін көрсетіңіз.**

- A) 6 жүзге жуық
- B) 4 мыңға жуық
- C) 5 мыңға жуық
- D) 3 мыңға жуық

**3. Алтын адам қай дәуірге жататынын белгілеңіз.**

- A) Тас дәуіріне
- B) Қола дәуіріне
- C) Темір дәуіріне
- D) Кейінгі қола дәуіріне





**«ТІЛ» ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК ОРТАЛЫҒЫ**



**АЛТЫНЕМЕЛ**

**ЖЕТІСУДЫҢ  
ЖЕТІ  
ЖАУҢАРЫ**



## Сөздік

шақырым – километр

солтүстік – север

ескерткіш – памятник

сурет – картина

тау – гора

әнші – певец

құм – песок





**Тыңдаңыз**



## Оқыңыз

### Алтынемел

Алтынемел Ұлттық табиғи паркі Алматы қаласынан 200 шақырым жерде орналасқан. Бақтың құрамына Қапшағай өзенінің солтүстік бөлігі. Іле өзенінің оң жағалауы. Кіші және Үлкен қалқан, Ақтау, Қатутау, Дегерес, Матай, Шолақ, Қояндытау таулары. Өте сирек кездесетін табиғат ескерткішінің бірі – «Әнші құм» кіреді.

Қапшағай өзенінің оң жағалауындағы тау етегі жазықтығында қорғандар көп. Тау сайларында әр түрлі жануарлардың суреті салынған жартас көрмесі бар.



## Тапсырма. Сөйлемді толықтырыңыз.

1. Тау сайларында әр түрлі жануарлардың суреті салынған ... бар.

мүсіндер көрмесі

жартас көрмесі

көрмесі

2. Қапшағай өзенінің ... жағалауындағы тау етегі жазықтығында қорғандар көп.

оң

сол

төменгі



## Тест

**1. Өте сирек кездесетін табиғат ескерткішін табыңыз.**

- A) «Әнші құм»
- B) «Айғай құм»
- C) «Шарын шетен тоғайы»
- D) «Шынтүрген шыршалары»

**2. Алтынемел Ұлттық табиғи паркі Алматы қаласынан қанша шақырым қашықтықта орналасқанын көрсетіңіз.**

- A) 150
- B) 200
- C) 250
- D) 300

**3. Әртүрлі жануарлардың суреті салынған жартас көрмесі қай жерлерде бар екенін көрсетіңіз.**

- A) тау етегінде
- B) тау шыңында
- C) тау маңайында
- D) тау сайларында





«ТІЛ» ОҚУ- ӘДІСТЕМЕЛІК ОРТАЛЫҒЫ

ЖАРКЕНТ  
МЕШІТІ



ЖЕТІСУДЫҢ  
ЖЕТІ  
ЖАУҒАРЫ

## Сөздік

**мешіт – мечеть**  
**қаржы – бюджет**  
**саудагер – купец**  
**құрылыс – строительство**  
**сәулетші – архитектор**  
**шеге – гвоздь**  
**ғимарат – здание**





Тыңдаңыз





Оқыңыз

## Жаркент мешіті

«Жаркент мешіті» сәулет-көркемөнер музейі – Жаркент қаласында орналасқан.

Бұл мешітті сонау 1887-1892 жылдары халықтан жинаған қаржыға саудагер Уәлиахун Юлдашев салдыртыпты. Ғимарат Қазақстан мен Орта Азияның сәулет-құрылыс өнерінің ең үздік тәсілдері ескеріле отырып жасалған. Құрылысын басқарған – Хон Пик деген қытай сәулетшісі жасаған. Мешіт құрылысы барысында бірде-бір шеге қолданылмаған.



## Тапсырма. Сөйлемді толықтырыңыз.

1. Құрылысын басқарған – Хон Пик деген ... сәулетшісі.

кәріс

қытай

жапон

2. Ғимарат Қазақстан мен Орта Азияның ... өнерінің ең үздік тәсілдері ескеріле отырып жасалған.

көркем

құрылыс

сәулет-құрылыс



## Тест

**1. Мешіт қай жылдары салынғанын белгілеңіз.**

- A) 1887-1892 жылдары
- B) 1889 -1890 жылдары
- C) 1990-1992 жылдары
- D) 1887-1893 жылдары

**2. Мешіт құрылысы барысында қолданылмаған затты белгілеңіз.**

- A) ара
- B) шеге
- C) балға
- D) балта

**3. Мешітті қандай қаржыға салдырған?**

- A) халықтан жинаған
- B) өкіметтен бөлінген
- C) демеуші қаржысынан
- D) саудагердің қаржысынан





«ТІЛ» ОҚУ- ӘДІСТЕМЕЛІК ОРТАЛЫҒЫ



КӨЛСАЙ

ЖЕТІСУДЫҢ  
ЖЕТІ  
ЖАУҒАРЫ

## Сөздік

**жол – дорога**

**саябақ – парк**

**көлік – транспорт**

**жаяу – пешком**

**теңіз – море**

**су – вода**

**таза – чистый**





**Тыңдаңыз**



## Оқыңыз

### Көлсай

Көлсай Алматы қаласынан 285 шақырым жерде орналасқан. Саты ауылынан жол жоғарыға бағытталады. Жол тау арқылы өтеді. «Көлсай көлдері» ұлттық саябағының экологиялық бекетіне дейін жол жақсы. Бірінші көлге еш қиындықсыз көлікпен жетуге болады. Одан ары, екінші және үшінші көлге көтерілгіңіз келсе, жаяу жолмен барасыз. Көлдер ретіне сәйкес теңіз деңгейінен 1700 метр, 2250 метр, 2700 метр биіктікте орналасқан. Көлдегі су таза және мөлдір.



## Тапсырма. Сөйлемді толықтырыңыз.

1. Бірінші көлге еш қиындықсыз ... жетуге болады.

жаяу

қайықпен

көлікпен

2. Көлдегі су... және ... .

түссіз, таза

таза, мөлдір

мұздай





## Тест

**1. Көлсай Алматы қаласынан неше шақырым жерде орналасқанын көрсетіңіз.**

- A) 195
- B) 250
- C) 285
- D) 300

**2. Саты ауылынан қай бағытқа жүруді көрсетіңіз.**

- A) оңға
- B) солға
- C) төменге
- D) жоғарыға

**3. Көлдер қандай ретпен орналасқанын көрсетіңіз.**

- A) бірінші, екінші және үшінші
- B) үшінші, екінші және бірінші
- C) екінші, бірінші және үшінші
- D) көлдер тиісінше ретсіз орналасқан





**«ТІЛ» ОҚУ- ӘДІСТЕМЕЛІК ОРТАЛЫҒЫ**



**ТАҢБАЛЫ  
ТАС**

**ЖЕТІСУДЫҢ  
ЖЕТІ  
ЖАУҒАРЫ**

## Сөздік

**тас – камень**

**орман – лес**

**жұмсақ – мягкий**

**тайпа – племя**

**дәуір – эра**

**ұран – девиз**

**ою – орнамент**





**Тыңдаңыз**



## Оқыңыз

### Таңбалы тас

Таңбалы тас Бетбақдала сахарасының ортасында, ұзынынан созылған таңбалы жартас. Ол Сарысу өзенінен 20 км-дей жоғары, қызыл жыңғыл орманына қарама-қарсы, биік Нұраның іргесінде орналасқан. Мұндағы тас өте жұмсақ. Жазуға да сондай қолайлы. Көне дәуірден келе жатқан Таңбалы тас жазуында Қазақстан жерін мекендеген тайпалардың тасқа жазып түсірген мыңдаған таңбалары бар. Ел басқарушылардың қол қойған аттары мен ұрандары бар. Тасқа қашап түсірген әдемі оюлар, «қошқармүйіз», «түйе табан», «кісінің ізі», « аттың ізі» т.б. таңбалар көптеп кездеседі.



**Тапсырма. Сөйлемді толықтырыңыз.**

**1. Сарысу өзеннен ... жоғары.**

алыс

қарама-қарсы

жақын

**2. Қызыл жыңғыл орманына ... орналасқан.**

20 км-дей

15 км-дей

22 км-дей



## Тест

### 1. Таңбалы тас қайда орналасқанын көрсетіңіз.

- A) Орманның жанында
- B) Биік Нұраның іргесінде
- C) Бетпақдаланың ортасында
- D) Сарысу өзенінің бастауында

### 2. Мұндағы тас қандай болғандығын көрсетіңіз.

- A) өте ірі
- B) өте ұсақ
- C) өте қатты
- D) өте жұмсақ

### 3. Таңбалы таста қандай таңбалар көп кездесетінін белгілеңіз.

- A) «қошқармүйіз», «түйе табан», «кісінің ізі», «аттың ізі»
- B) «қырықмүйіз», «түйе табан», «кісінің ізі», «аттың ізі»
- C) «сыңармүйіз», «түйе табан», «кісінің ізі», «аттың ізі»
- D) «арқармүйіз», «түйе табан», «кісінің ізі», «аттың ізі»





«ТІЛ» ОҚУ - ӘДІСТЕМЕЛІК ОРТАЛЫҒЫ



ШАРЫН  
ШАТҚАЛЫ

ЖЕТІСУДЫҢ  
ЖЕТІ  
ЖАУҢАРЫ



## Сөздік

**шатқал – каньон**

**әлем – мир**

**аңғар – долина**

**суретші – художник**

**ежелгі – древний**


**аймақ – край**

**жабайы аңдар – дикие животные**





Тыңдаңыз



**Оқыңыз**

## **Шарын шатқалы**

Шарын шатқалы Алматы қаласынан 195 шақырым жерде орналасқан. Шатқал 30 млн жыл бұрын пайда болған. Биіктігі 150-300 метрді құрайды. Мұндай шатқал әлем бойынша АҚШ-та және Қазақстанда ғана бар.

Шатқалдың ұзындығы – 2 км, ені – 20-80 м. Жергілікті халық шатқалды «қорғанды қамалдар аңғары» деп атайды. Шатқалдан ежелгі суретшілердің туындыларын көруге болады. Жабайы аңдардың бейнесі арқылы бұл аймақта палеолит дәуіріндегі құс-жануарлардың мекендегенін білуге болады.



**Тапсырма. Сөйлемді толықтырыңыз.**

**1. Мұндай шатқал әлем бойынша ... және Қазақстанда ғана бар.**

АҚШ-та

Қазақстанның

Шатқал

**2. Шарын шатқалы Алматы қаласынан ...шақырым жерде орналасқан.**

205

185

195



## Тест

**1. Жергілікті халық шатқалды қалай атайтынын көрсетіңіз.**

- A) «қорғанды аңғар»
- B) «қорғандар даласы»
- C) «қорғандар қақпасы»
- D) «қорғанды қамалдар аңғары»

**2. Шатқал қай дәуірге жататынын белгілеңіз.**

- A) неолит дәуірі
- B) мезолит дәуірі
- C) полеолит дәуірі
- D) кейінгі кембрий дәуірі

**3. Шатқалдың биіктігі қанша метрді құрайтынын белгілеңіз.**

- A) 50-150
- B) 150-300
- C) 300-450
- D) 500 метрден жоғары



## МАЗМҰНЫ

Алғы сөз .....	2
Бағдарламаның мазмұны мен ерекшелігі .....	3-12
Алакөл .....	13-18
Алтын адам .....	19-24
Алтынемел .....	25-30
Жаркент мешіті .....	31-36
Көлсай .....	37-42
Таңбалы тас .....	43-48
Шарын шатқалы .....	49-54